

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының аумағындағы Бутачиха өзенінің сол жағалауындағы учаскесі және Козлушка өзенінің оң жағалауындағы учаскесінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 2 шілдедегі № 222 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 шілдеде № 7330 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының аумағындағы Бутачиха өзенінің сол жағалауындағы учаскесі және Козлушка өзенінің оң жағалауындағы учаскесінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының аумағындағы Бутачиха өзенінің сол жағалауындағы учаскесі және Козлушка өзенінің оң жағалауындағы учаскесінің су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Риддер қаласының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Э к о л о г и я ,

г е о л о г и я

ж ә н е

т а б и ğ и

р е с у р с т а р

м и н и с т р л і ğ и

С у

р е с у р с т а р ы

к о м и т е т і н і ң

С у

р е с у р с т а р ы н

п а й д а л а н у д ы

р е т т е у

ж ә н е

қ о р ğ а у

ж ө н і н д е ğ и

Е р т і с

б а с с е й н д і к

и н с п е к ц и я с ы

б а с ш ы с ы н ы ң

м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы

Е .

К а м б а р о в

2020 жылғы " ____ " _____

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2020 жылғы
2 шілдесі № 222
қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының аумағындағы Бутачиха өзенінің сол жағалауындағы учаскесі және Козлушка өзенінің оң жағалауындағы учаскесінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

С у оның учаскесі	о б ъ е к т і с і ,	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
		Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1		2	3	4	5	6	7
Бастаудан ағыс бойынша төмен қарай 19,9 және 20,7 км тұстамадағы Бутачиха өзенінің сол жағалау учаскесі және бастаудан ұзындығы 0,6 км Козлушка өзенінің оң жағалауындағы учаскесі		0,44	44,37	500	1,30	10,03	35-50

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК